



«Бекітемін»

Директор

2025 ж.

Өрт қауіпсіздігі бойынша балабақша қызметкерлеріне арналған нұсқаулық

I. Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптары

1. Барлық жұмыскерлер жұмысқа өртке қарсы нұсқамадан өткеннен кейін ғана жіберілуге тиіс, жұмыс спецификасы өзгерген жағдайда басшы белгілеген тәртіпте орын алуы мүмкін өрттің алдын алу мен сөндіру бойынша қосымша оқытудан өтуге тиіс.
2. Өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқамадан жарты жылда бір реттен сиретпей өту керек.
3. Жұмыскерлер өндірісте және тұрмыста өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға, сондай-ақ өртке қарсы режимді сақтауға және қолдауға тиіс.
4. Өрт бола қалған жағдайда өрт сөндіру күзетіне хабарлап, адамдарды, мүліктерді құтқару және өртті ауыздықтау бойынша қажетті шаралар қабылдау керек.
5. Білім беру ұйымының әр қызметкерінің бірінші кезектегі міндеті өрт кезінде тәрбиеленушілердің өмірін құтқару болып табылады.
6. Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзған лауазымдық тұлғалар мен азаматтар ҚР заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.
7. Көшіру жолдары, шығу жолдары, дәліздер, тамбурлар мен сатылар қандай да бір заттармен және жабдықтармен қоршалмауға тиіс.
8. Баспалдақ алаңының, дәліздердің, тамбурлар мен холлдардың есіктерінің жақтаулары тығыз болуға және өздігінен жабылу құрылғысымен жабдықталуға әрі үнемі жарамды күйде болуға тиіс. Көшіру жолдарының барлық шығатын есіктері ғимараттан шығу бағыты бойынша ашылуға тиіс және балалар ғимаратта болған кезеңде оларды тек қана жеңіл ашылатын ілмектердің көмегімен іштен жабу керек.
9. Білім беру ұйымында:
 - дәлізді баспалдақ алаңымен қосатын ойықтардағы есік бөліктерін алып тастауға;
 - желіге қосылған электр құралдарын қараусыз қалдыруға;
 - ас әзірлеуге арналған электрлік су қайнатқыштарды, электр шайнектерді жатын бөлмесінде, ойын бөлмелерінде және балалар орналасқан басқа да үй-жайларда (арнайы жабдықталған үй-жайды қоспағанда) пайдалануға;
 - шатырдағы жайларда қойма, мұрағат орналастыруға, онда қандай да бір материалды сақтауға;
 - суықтан қатып қалған су өтетін жылыту құбырлары мен кәріз құбырларын ашық отта қыздыруға тыйым салынады.
10. Ұйым аумағы мен үй-жай толықтай таза болуға тиіс. Барлық жанатын қоқысты жүйелі түрде арнайы бөлінген учаскеге шығарып тастау керек.
11. Қыста жолдар, подъездер мен өрт сөндіру гидранттарының шатырлары жүйелі түрде қардан тазартылуға тиіс.
12. Ұйымда үй-жайдың кез келген қабатынан шығатын көшіру жолдарының саны кемінде екеу болуға тиіс.
13. Ұйымда дәнекерлеу және басқа да қауіпті жұмыс түрлерін жүргізуге тек қана басшының немесе оны ауыстыратын тұлғаның рұқсатымен ғана жол беріледі.